Казақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті

ХАТТАМА № 16

2026 жылғы 8 қыркүйек **Ертіс ауылы**

Ертіс ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс-ауызсу» КМК суды магистралдық құбыр жолдар арқалы беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау бойынша жария тыңдау отырысы

Тыңдауды ұйымдастырушы, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті (*бұдан әрі-Департамент*), Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев көшесі, 136, каб. 419.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы, Гагарин к-сі, 81, акт залы.

Жария тыңдауды өткізу уақыты 2026 жылғы 8 қыркүйекте сағат 15:00-ден 15:20-ға дейін.

Төраға: Кишкентаева К.М. - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімінің басшысы;

Хатшы: Жүсіп М.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы;

Қатысты:

Балтабаев Е.Д. - «Ертіс-ауызсу» КМК басшысы;

Шингисов Б.К. – Ертіс аудандық маслихатының төрағасы;

Беспаев Ж.Н. - Ертіс аудандық қоғамдық Кеңесінің төрағасы;

Касымов Т. – «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Ертіс аудандық филиалының директоры;

Дубгорн В.А. – Ертіс ауылы әкімінің м.а.

Сонымен қоса, тұтынушылар, мүдделі тұлғалар, аудан белсенділері, барлығы 25 адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ертіс ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс-ауызсу» КМК суды магистралдық құбыр жолдар арқалы беру қызметіне арналған тариф жобасын талқылау

1.1. Ашылу сөзінде жария тыңдаулардың төрағасы - К. Кишкентаева қатысушыларды күн тәртібімен және жария тыңдаудың өту регламентімен таныстырды.

1.2. Ертіс ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс-ауызсу» КМК басшысы Балтабаев Еркин Джияншиевич тыңдалды, онда ол тұтынушыларға

Ертіс ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс-ауызсу» КМК суды магистралдық құбыр жолдар арқалы беру қызметіне арналған тариф жобасы туралы айтты.

Жария тыңдауға қатысушылар ұсынылған тариф жобасы бойынша ұстанымын білдірді, қызықтырған сұрақтарын қойды.

Департамент жария тыңдау барысында айтылған барлық ұсыныстарды, ескертулер мен ұсынымдарды қарайды және ескереді.

2. Жария тыңдауларды қорытындылау және жабу

Ертіс ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс-ауызсу» КМК суды магистралдық құбыр жолдар арқалы беру қызметіне арналған тариф жобасы жөніндегі шешімді Департамент заңнамада белгіленген мерзімде қабылдайтын болады.

К. Кишкентаева жария тыңдауларға белсенді қатысқаны үшін барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Жария тыңдаудың төрағасы **К. Кишкентаева**